

**Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 22608 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19 -тармағының екінші бөлігі бесінші абзацының 46) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің Департамент – зерттеулер және талдама орталығы (С.Т. Хакімжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2021 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 47 қаулысымен  
бекітілді

## **Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі бесінші абзацының 46) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Ұлттық Банк қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу үшін гранттар беру тәртібі айқындалады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) грант – Ұлттық Банк Қағидаларда айқындалған тәртіппен Ұлттық Банк қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер (бұдан әрі – зерттеулер) жүргізу үшін грант алушыға өтеусіз беретін ақша сомасы;

2) грант алушы – Қағидаларға сәйкес Ұлттық Банк зерттеуге грант беру туралы шарт жасасқан ізденуші;

3) грант беру туралы шарт – Ұлттық Банк пен грант алушы арасында жазбаша нысанда жасалатын мәміле;

4) гранттар беру жөніндегі комиссия – ізденушілерді іріктеу нәтижелері бойынша грант алушыны айқындау үшін Ұлттық Банкте құрылатын алқалы орган;

5) гранттар беру жөніндегі комиссияның хатшысы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің (бұдан әрі – Өкілдік) зерттеулер және талдама бөлімшесінің қызметкері;

6) жетекші орындаушылар – зерттеу жетекшісін қоса алғанда, зерттеу жүргізу үшін ізденуші (грант алушы) тартатын зерттеушілер;

7) Өкілдіктің жауапты бөлімшесі – Өкілдіктің қызметін қамтамасыз ету бөлімшесі;

8) өтінім – ізденуші Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінімнің нысаны бойынша грант алуға ізденуші ұсынатын өтінім;

9) тәуелсіз рецензент – Ұлттық Банктің қызметкері болып табылмайтын, Қағидалардың талаптарына сәйкес ізденушілердің өтінімдерін бағалау үшін Ұлттық Банк сарапшы ретінде тартатын жеке тұлға;

10) уәкілетті бөлімше – Ұлттық Банктің немесе оның Өкілдігінің ізденушілермен, тәуелсіз рецензенттермен өзара іс-қимылды, гранттар беру жөніндегі комиссияның қарауына құжаттар мен материалдарды ұсынуды, сондай-ақ грант алушының тиісті тақырып бойынша зерттеу жүргізуін үйлестіруді қоса алғанда, зерттеуге қойылатын талаптарды әзірлеуге және Қағидаларда көзделген іс-шараларды жүргізуге жауапты бөлімшесі;

11) ізденуші – Қағидалардың 19-тармағында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, Ұлттық Банкке грант алуға өтінім берген заңды тұлға;

12) ізденушілерді іріктеу – Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын гранттар беруге ізденушілерді конкурстық іріктеу;

13) ізденушінің уәкілетті өкілі – Қағидаларға сәйкес ізденушінің атынан өтінім беруге уәкілеттік берілген жеке тұлға.

## **2-тарау. Ұлттық Банктің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен зерттеулер жүргізу үшін гранттар беру тәртібі**

3. Гранттар Ұлттық Банктің бюджетінде (шығыстар сметасында) көзделген қаражат шегінде беріледі.

4. Грант зерттеу жүргізуге тікелей байланысты және өтінімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеу шығыстарының сметасы және олардың негіздемесінде (бұдан әрі – шығыстар сметасы) көрсетілген шығыстарды өтеу үшін беріледі.

5. Грант алушыны айқындау үшін Ұлттық Банк Төрағасының не оның Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығы негізінде уәкілетті орынбасарының бұйрығымен гранттар беру жөніндегі комиссия құрылады, ол:

1) мыналарды:

зерттеу жүргізу мерзімдерін, зерттеу нысанасының сипаттамасы мен зерттеу жүргізуге талап етілетін стандарттарды;

ізденушілердің өтінімдерді ұсыну мерзімі мен тәртібін (тәсілін) қоса алғанда, ізденушілерді іріктеуді жүргізу талаптарын;

грант беру туралы шарттың жобасын қамтитын конкурстық құжаттаманы және ізденушілерді іріктеу талаптарын бекітеді;

2) өтінімдерді жан-жақты және объективті қарауды, ізденушілерді іріктеуді жүзеге асырады, оны жүргізу кезінде ізденушінің шығыстар сметасын түзету қажеттілігі туралы мәселені қарайды және ол бойынша шешім қабылдайды;

3) тәуелсіз рецензенттердің және уәкілетті бөлімшенің қорытындыларын ескере отырып, грант алушыларды таңдау туралы шешім қабылдайды;

4) грант алушы ұсынған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есептерді қарайды және мақұлдайды;

5) грант алушы грант беру туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде гранттың толық немесе ішінара күшін жою және (немесе) оның гранттың бұрын берілген сомасын қайтаруы туралы шешім қабылдайды.

6. Гранттар беру жөніндегі комиссия төрағадан, оның орынбасарынан және мүшелерінен тұрады. Гранттар беру жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

Гранттар беру жөніндегі комиссия мүшелері Ұлттық Банк қызметкерлері және Ұлттық Банктің қызметкерлеріне жатпайтын сыртқы мүшелер болып табылады. Гранттар беру жөніндегі комиссияның хатшысы гранттар беру жөніндегі комиссияның мүшесі болып табылмайды.

7. Гранттар беру жөніндегі комиссияның төрағасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары болады.

8. Гранттар беру жөніндегі комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын гранттар беру жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

9. Гранттар беру жөніндегі комиссияның отырыстары гранттар беру жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

10. Гранттар беру жөніндегі комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған гранттар беру жөніндегі комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда гранттар беру жөніндегі комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары (төраға болмаған кезде) дауыс берген шешім қабылданды деп есептейді.

11. Гранттар беру жөніндегі комиссияның шешімдері гранттар беру жөніндегі комиссияның төрағасы, оның орынбасары және гранттар беру жөніндегі комиссияның мүшелері қол қоятын хаттамалар нысанында ресімделеді.

12. Гранттар беру жөніндегі комиссияның ұйымдастыру қызметін мыналар:

1) ізденушілердің өтінімдері мен оларға қоса берілетін құжаттарды қоса алғанда, Қағидаларда көзделген құжаттар мен материалдарды гранттар беру жөніндегі комиссияға ұсынатын, сондай-ақ олардың сақталуын қамтамасыз ететін уәкілетті бөлімше;

2) гранттар беру жөніндегі комиссияның отырыстарын өткізуді ұйымдастыратын және хаттамаларды ресімдейтін гранттар беру жөніндегі комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді.

13. Ізденушілерді іріктеуді жүргізу кезінде олардың өтінімдерін бағалау үшін уәкілетті бөлімше тараптардың уағдаластығы бойынша өтеулі немесе өтеусіз негізде екі тәуелсіз рецензентті тартады. Тәуелсіз рецензенттердің қызметтеріне арналған шығыс берілетін грант сомасына кірмейді.

14. Тәуелсіз рецензенттер ретінде ғалымдар, оқытушылар, зерттеушілер, халықаралық қаржы ұйымдарының сарапшылары және (немесе) зерттеу тақырыбына сәйкес келетін салаларда біліктілігі бар Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметкерлері тартылады.

Тәуелсіз рецензенттердің біліктілігі зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми және (немесе) талдамалық жарияланымдардың, ғылыми дәрежесінің және (немесе) жұмыс тәжірибесінің болуымен расталады.

15. Ізденушілерді іріктеу нәтижелеріне мүдделі және (немесе) ізденушімен мүдделер қақтығысы бар тұлғалар тәуелсіз рецензенттер ретінде тартылмайды.

16. Гранттар беру жөніндегі комиссия мен тәуелсіз рецензенттер ізденушілердің өтінімдерін қарау кезінде ізденушілердің өтінімдерін қарау кезінде алынған ақпараттың конфиденциалдылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

17. Грант беру процесі мыналарды:

1) зерттеу тақырыптарының тізімін, ізденушілерді іріктеудің талаптары мен шарттарын бекіту, сондай-ақ ізденушілерді іріктеуді өткізу туралы хабарландыру жариялауды;

2) ізденушілердің өтінімдерін қабылдауды және қарауды;

3) ізденушілерді іріктеуді;

4) грант алушымен грант беру туралы шарт жасасуды;

5) грант алушы ұсынған зерттеу нәтижесі туралы аралық және қорытынды есептерді, сондай-ақ бөлінген грантты пайдалану туралы есепті қарауды және мақұлдауды;

6) грант сомасын Қағидалардың 40-тармағына сәйкес грант алушыға аударуды қамтиды.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Зерттеу тақырыптары Ұлттық Банк Төрағасының немесе оның Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығы негізінде уәкілетті орынбасарының бұйрығымен бекітіледі.

19. Іріктеуге:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыруға, зерттеу, ғылыми қызметтерге немесе пікіртерін жүргізу, деректерді интеграциялау

арқылы деректерді жинау, сақтау және (немесе) өңдеу жөніндегі қызметке байланысты мақсаттарға, міндеттер мен функцияларға сәйкес қызметті жүзеге асыратын;

2) тарату немесе банкроттық процесінде емес заңды тұлға болып табылатын ізденуші жіберіледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Зерттеу жүргізу үшін ізденуші жетекші орындаушыларды тартады, олардың ішінен мынадай талаптарға сәйкес келетін зерттеу жетекшісін тағайындайды:

1) рецензияланатын мерзімді және (немесе) ғылыми басылымдарда зерттеу бағытына сәйкес келетін тақырыптарда жариялануы бар;

2) зерттеу бағытына сәйкес салада ғылыми дәрежесі және (немесе) жұмыс тәжірибесі бар.

Ұлттық Банктің немесе оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері жетекші орындаушылар ретінде тартылмайды.

21. Гранттар беру жөніндегі комиссияның хатшысы гранттар беру жөніндегі комиссия конкурстық құжаттама мен ізденушілерді іріктеу талаптарын бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей мыналар қамтылатын ізденушілерді іріктеуді жүргізу туралы хабарландыруды Ұлттық Банктің интернет-ресурсында жариялайды:

1) зерттеу тақырыптарының тізімі;

2) гранттар беру жөніндегі комиссия бекіткен конкурстық құжаттама мен ізденушілерді іріктеу талаптары;

3) уәкілетті бөлімшенің атауы және уәкілетті бөлімшенің жауапты адамдарының байланыс деректері.

Ізденушілердің өтінімдерді ұсыну мерзімі ізденушілерді іріктеу хабарландыруы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн болады.

22. Қағидалардың 19-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келетін ізденуші ізденушілерді іріктеуді жүргізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіппен (тәсілмен) және мерзімде мынадай құжаттарды:

1) өтінімге 2-қосымшаға сәйкес зерттеудің негіздемесін;

2) шығыстар сметасын;

3) ізденуші жарғысының көшірмесін;

4) ізденушінің мемлекеттік білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясының және лицензияға қосымшалардың көшірмесін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға үшін);

5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесін (ғылыми қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға үшін);

б) жоғары білім туралы зерттеу жетекшісі дипломының көшірмесін;

7) ғылыми дәреже беру туралы зерттеу жетекшісі дипломының көшірмесін (бар болса);

8) зерттеу тақырыбына сәйкес келетін саладағы зерттеу жетекшісі жарияланымдарының көшірмелерін;

9) зерттеу тақырыбына сәйкес келетін саладағы жетекші орындаушылар жарияланымдарының көшірмелерін (бар болса) қоса бере отырып өтінім береді.

23. Өтінімді ұсына отырып, ізденуші өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін растайды.

Ізденушінің дәйексіз мәліметтер мен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған кезде өтінім оны қайтару себептерінің негіздемесін көрсете отырып іріктеудің кез келген сатысында кері қайтарылуға тиіс.

24. Екі және одан көп өтінім берген ізденуші әр өтінім бойынша әртүрлі жетекші орындаушылардың зерттеу жүргізуін қамтамасыз етеді.

Ізденушіге әрбір зерттеу тақырыбына бір гранттан артық берілмейді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Ізденуші ізденушілерді іріктеу қорытындыларына қарамастан, өтінім беруге байланысты Ұлттық Банк өтеуге жатпайтын барлық шығыстарды көтереді.

26. Өтінімде көрсетілген ізденуші сұратқан грант сомасы шығыстар сметасын ұсыну жолымен негізделеді.

Зерттеу жүргізу жөніндегі шығыстарға Қазақстан Республикасының шегінде жетекші орындаушылардың еңбегіне ақы төлеу, қызметтік іссапарлары, зерттеу жүргізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі шығыстар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер жатады.

Зерттеу жүргізу бойынша шығыстардың тізбесі шығыстар сметасында келтірілген.

27. Өтінімді ұсына отырып, ізденуші мыналарға:

1) өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды тәуелсіз рецензенттердің қарауына жіберуге;

2) шығыстар сметасын түзету туралы Ұлттық Банктің ұсынысын қарауға;

3) грант алушы туралы ақпаратты (заңды тұлғаның атауы, зерттеу тақырыбы және жетекші орындаушылар) Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялауға;

4) Ұлттық Банктің заңмен қорғалатын құпиялардан тұратын мәліметтерді қоса алғанда, өтінімдегі және (немесе) оған қоса берілетін құжаттардағы дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына және пайдалануына;

5) дәйексіз деректерді және (немесе) құжаттарды ұсыну фактілері анықталған кезде ізденушілерді іріктеудің кез келген кезеңінде өтінімді қабылдамауға;

б) өтінімде көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде Ұлттық Банкке дереу хабарлауға;

7) Ұлттық Банктің жетекші орындаушылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұсынылған мәліметтерді тексеруіне және ұсынылған құжаттарды сақтауына;

8) Ұлттық Банктің зерттеу нәтижелерін өз қызметінде пайдалануына;

9) грант беру талаптары мен оның өтінімі мақұлданған кезде мынадай міндеттемелерді қабылдаумен:

грант сомасын нысаналы және ұтымды пайдалануды қоса алғанда, грант беру туралы шарт пен өтінім талаптарына сәйкес зерттеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

грант есебінен зерттеу жүргізуге және қол жеткізілген нәтижелерге, оның ішінде зерттеу жүргізудің толықтығы мен уақтылығына жауапты болуға;

зерттеу жүргізуге қажетті іс-шараларды (жұмыстарды) жүргізу үшін жетекші орындаушыларды үй-жаймен, коммуникацияларға және басқа да инфрақұрылымға қол жеткізумен қамтамасыз етуге;

жетекші орындаушыларды авторлар үшін жалпы қабылданған этикалық нормалармен және ғылыми жарияланымдардың қағидаттарымен (Committee on Publication Ethics – COPE) оларды сақтау қажеттілігі туралы хабардар ете отырып таныстыруға;

грант беру туралы шартта көрсетілген мерзімде зерттеу нәтижесі туралы аралық және қорытынды есептерді ұсынуға;

әрбір жетекші орындаушымен грант беру талаптарына сәйкес келетін азаматтық-құқықтық және (немесе) еңбек шарттарын жасасуға;

жетекші орындаушыларға олармен жасалған шарттарда көзделген ақша сомасын уақтылы және толық көлемде төлеуге;

Ұлттық Банкке грант беру туралы шартта көзделген мерзімде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есеп беруге;

шарттық міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған, оның ішінде Ұлттық Банк грант сомасын нысаналы пайдаланбау немесе грант сомасын үнемдеу (толық игермеу) фактісін анықтаған кезде грант беру туралы шартта белгіленген мерзімде грантты қайтаруды (ішінара қайтаруды) жүзеге асыруға;

грант беру туралы шартта көрсетілген мерзімде Ұлттық Банкті жетекші орындаушылардың рецензияланатын мерзімді және (немесе) ғылыми басылымының атауын және нөмірін көрсете отырып, рецензияланатын мерзімді және (немесе) ғылыми басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялау фактісі туралы хабардар етуге;

грант беру туралы шарт шеңберінде орындалған зерттеу нәтижесін жариялау және (немесе) тарату кезінде Ұлттық Банктен грант алынғаны туралы ақпаратты көрсетуге;

10) жетекші орындаушының зерттеу жүргізуге тек бір ізденушіде және бір зерттеу тақырыбы бойынша қатысуына өзінің келісімін және оның жетекші орындаушылардан жазбаша келісім алғанын растайды.

Ізденуші Ұлттық Банкке өтінім бергенге дейін әрбір жетекші орындаушыдан Қағидалардың осы тармағының 1) - 10) тармақшаларында көзделген талаптармен жазбаша келісуін алады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Ізденушілердің өтінімдері ізденушілерді іріктеуді жүргізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде қабылданады. Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілген өтінімдер қарауға қабылданбайды.

29. Өкілдіктің жауапты бөлімшесі өтінімді ізденушінің Қағидалардың 19-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінім нысанына өтінімнің сәйкестігін, ондағы мәліметтер мен Қағидалардың 22-тармағында көзделген құжаттардың толықтығын тексереді.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген өтінімді тексеру нәтижесі бойынша Өкілдіктің жауапты бөлімшесі өтінім келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ізденушіге:

- 1) ескертулер болмаған кезде ізденушілерді іріктеуге өтінімді жіберу туралы;
- 2) ізденуші Қағидалардың 19-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде себептерін көрсете отырып, ізденушілерді іріктеуге жіберуден бас тарту туралы;
- 3) ізденуші мәліметтер мен өтінімге қоса берілетін құжаттарды толық ұсынбаған не өтінім Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінімнің нысанына сәйкес келмеген кезде, себептерін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға қайтару туралы хабарлама жібереді.

Ізденуші өтінімді пысықтау қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді Ұлттық Банкке ұсынады.

Ізденушінің өтінімге бір реттен артық емес және өтінімді пысықтау қажеттігі туралы хабарламада көрсетілген ескертулер бойынша ғана өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол беріледі.

Ізденуші белгіленген мерзімде ұсынған пысықталған өтінімге ескертулер болмаған кезде, Өкілдіктің жауапты бөлімшесі пысықталған өтінім келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ізденушіге оның ізденушілерді іріктеуге жіберілгені туралы хабарлама жібереді.

Пысықталған өтінім белгіленген мерзімде ұсынылмаған немесе хабарламада көрсетілген ескертулер жойылмаған кезде, Өкілдіктің жауапты бөлімшесі пысықталған өтінімді ұсынудың белгіленген мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні

ішінде ізденушіге ізденушілерді іріктеуге жіберуден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Өкілдіктің жауапты бөлімшесі ізденушілерді іріктеуге жіберілген өтінімдерді уәкілетті бөлімшеге жібереді.

31. Уәкілетті бөлімше және тәуелсіз рецензенттер іріктеуге жіберілген ізденушілердің өтінімдерін қарайды және олар бойынша қорытындыларды дайындайды.

Уәкілетті бөлімше іріктеуге жіберілген ізденушілерден өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тәуелсіз рецензенттерге оның көшірмесін және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тәуелсіз рецензенттің ізденушімен мүдделер қайшылығының болуы не болмауы туралы хабарлама нысанын қарауға жолдайды.

Мүдделер қайшылығы болған кезде тәуелсіз рецензент уәкілетті бөлімшеден өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде мүдделер қайшылығының бар екендігі туралы хабарламаны қоса бере отырып, оны қараусыз қайтарады.

Мүдделер қайшылығы болмаған кезде тәуелсіз рецензент өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мүдделер қайшылығы жоқтығы туралы хабарламаны және өтінімнің көшірмесін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде өтінім бойынша қорытындыны уәкілетті бөлімшеге ұсынады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. Уәкілетті бөлімше және тәуелсіз рецензенттер дайындаған өтінім бойынша қорытындыларда мынадай ақпарат:

1) ұсынылатын зерттеу әдіснамасы сипаттамасының толықтығы мен айқындылығы, оның негіздемелігі және эмпирикалық талдау үшін пайдалануға ұсынылатын деректерге қойылған зерттеу міндетіне сәйкестігі, дәйексөзбен баяндалатын әдебиеттің өзектілігі;

2) зерттеудің жетекші орындаушыларының құзыреттілігі мен ғылыми қоры - олардың жарияланымдарының деңгейін, мәлімделген саладағы жұмыс тәжірибесін, зерттеулерді іске асырудағы беделі мен тәжірибесін (бар болса) қоса алғанда, өтінімде көрсетілген тақырып бойынша зерттеу жүргізу үшін жетекші орындаушылардың біліктілігін бағалау;

3) зерттеу жоспарының сапасы мен іске асырылуы - зерттеудің күтілетін нәтижелеріне қолжеткізуді және олардың практикада қолданылуын, ізденушіде

өтінімде көрсетілген зерттеуді орындау үшін жеткілікті материалдық-техникалық ресурстары болуын қоса алғанда, зерттеулер жоспарында көзделген іс-шаралардың сапасын, негіздемелігін және орындалуын бағалау;

4) жетекші орындаушылар жұмсайтын уақыттың негіздемелігін бағалауды, қосымша орындаушыларды тарту, сондай-ақ шығыстар сметасында көзделген іс-шараларды жүргізу қажеттілігін қоса алғанда, өтінімде көрсетілген зерттеудің күтілетін нәтижелерін алу тұрғысынан шығыстар сметасының негіздемелігі;

5) өтінімнің күшті және нашар жақтары - зерттеудің мәлімделген мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін өтінімнің негізгі артықшылықтары мен оның сипаттамаларын, сондай-ақ өтінімнің негізгі кемшіліктерін және олардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ету дәрежесін бағалау;

6) комиссияға берілген өтінім бойынша гранттарды беру, оның ішінде гранттарды беру не бермеу бойынша ұсынымдар қамтылады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Шығыстар сметасын түзету қажеттілігі туралы ұсынысты, ол болған кезде, уәкілетті бөлімше гранттар беру жөніндегі комиссияның қарауына шығарады.

Гранттар беру жөніндегі комиссия шығыстар сметасына түзетулер енгізу қажеттілігі туралы ұсынысты мақұлдаған кезде, уәкілетті бөлімше гранттар беру жөніндегі комиссия шығыстар сметасына түзетулер енгізу қажеттілігі туралы ұсынысты мақұлдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай түзету қажеттілігі туралы ізденушіге хабарлама жібереді.

Ізденуші уәкілетті бөлімшеден шығыстар сметасын түзету қажеттілігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде түзетілген шығыстар сметасын не түзетулер енгізуден бас тартуды ұсынады.

Белгіленген мерзімде түзетілген шығыстар сметасын ұсынбаған не шығыстар сметасын түзетуден бас тартуды ұсынған ізденушінің өтінімі қаралмайды.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

34. Уәкілетті бөлімше ізденушіден түзетілген шығыстар сметасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны өтініммен және қорытындымен бірге гранттар беру жөніндегі комиссияның қарауына ұсынады.

35. Гранттар беру жөніндегі комиссия өтінімді мақұлдау және грант алушыны таңдау туралы шешімді өтінімдерді жан-жақты және объективті қарау нәтижелері бойынша уәкілетті бөлімшенің және тәуелсіз рецензенттердің мынадай өлшемшарттар:

- 1) зерттеу әдіснамасының сапасы;
- 2) зерттеудің жетекші орындаушыларының құзыреттілігі мен ғылыми қоры;

3) зерттеудің күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді және олардың практикалық қолданылуын қоса алғанда, зерттеу жоспарының сапасы мен іске асырылуы;

4) шығыстар сметасында көрсетілген шығыстардың негіздемелігі бойынша қорытындыларын ескере отырып, қабылдайды.

36. Гранттар беру жөніндегі комиссияның хатшысы гранттар беру жөніндегі комиссияның шешімін гранттар беру жөніндегі комиссия грант алушыларды іріктеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хаттама нысанында ресімдейді.

37. Гранттар беру жөніндегі комиссия шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ізденушілерді іріктеу нәтижелері туралы ақпарат грант алушылардың тізімін және олардың зерттеу тақырыптарын көрсете отырып, Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

38. Уәкілетті бөлімше Ұлттық Банктің интернет-ресурсында ізденушілерді іріктеу нәтижелері туралы ақпаратты орналастырған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде грантты алушыға грант беру туралы шарттың жобасын қоса бере отырып, оған грант берілгені туралы хабарлама жібереді.

38-1. Ізденушінің немесе грант алушының өтініші негізінде гранттар беру жөніндегі комиссияның шешімімен жетекші орындаушынымен азаматтық-құқықтық немесе еңбек шарты тоқтатылған (бұзылған) жағдайда не осы жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін және оны жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын оның денсаулық жағдайы салдарынан жетекші орындаушыны ауыстыруға жол беріледі. Өтініште мұндай ауыстырудың негіздері қамтылады, оған зерттеу жүргізу үшін басқа жетекші орындаушының біліктілігін растайтын құжаттар қоса беріледі. Жетекші орындаушы ауыстырылған кезде өтінімде көрсетілген еңбекақы төлеу шығыстары ұлғайтуға жатпайды.

**Ескерту. Қағида 38-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

39. Грант беру туралы шарттың жобасына грант алушы оны уәкілетті бөлімшеден алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қол қояды.

40. Грант сомасы мына тәртіпте:

берілген грант сомасынан 30% (отыз пайыз) – Ұлттық Банк пен грант алушы грантты беру туралы шартқа қол қоған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

берілген грант сомасынан 40% (қырық пайыз) – грантты алушы ұсынған зерттеу нәтижесі туралы аралық есепті Ұлттық Банк келіскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

берілген грант сомасынан 30% (отыз пайыз) – гранттар беру жөніндегі комиссия грантты алушы ұсынған зерттеулер нәтижесі туралы қорытынды есепті және бөлінген

грантты пайдалану туралы есепті мақұлдаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде беріледі.

Егер грант алушы қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеуші болса, онда грант сомасы ҚҚС сомасын ескере отырып беріледі.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41. Қағидалардың 40-тармағына сәйкес грант сомасын аудару үшін грант алушы грант беру туралы шартта көзделген мерзімдерде Ұлттық Банктің қарауына:

1) зерттеу нәтижелері туралы аралық есепті;

2) шығыстардың әрбір бабы бойынша:

гранттар беру жөніндегі комиссия мақұлдаған өтінімде көрсетілген жоспарланған соманы;

гранттың нақты жұмсалған сомасын;

үнемді;

талдама мен негіздеме талап етілмейтін үстеме шығыстарды қоспағанда, көрсетілген шығыстарды растайтын құжаттарды көрсете отырып, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есепті;

3) жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды болжамды жариялауы туралы ақпаратты көрсете отырып, зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті ұсынады.

Грант сомасын пайдалану туралы есепті ұсына отырып, грант алушы грант сомасын пайдалану туралы есепте және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігі мен толықтығын растайды.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42. Уәкілетті бөлімше грант алушы ұсынған зерттеу нәтижелері туралы аралық есепті грант беру туралы шартта белгіленген мерзімде қарайды.

Ескертулер болған кезде уәкілетті бөлімше грант алушыға пысықталған аралық есепті ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, аралық есепті пысықтау қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

43. Өкілдіктің жауапты бөлімшесі оны алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есепті онда көрсетілген шығыстардың растау құжаттарында және шығыстар сметасында көрсетілген шығыстар сомасына сәйкестігін тексереді.

Ескертулер болған кезде Өкілдіктің жауапты бөлімшесі грант алушыға бөлінген грантты пайдалану туралы пысықталған есепті ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, бөлінген грантты пайдалану туралы есепті пысықтау қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

44. Бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есепті қарау нәтижелері бойынша белгіленген грант сомасының үнемделуі орын алған кезде, грант алушы Ұлттық Банктен хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде грант алушы гранттың жұмсалмаған сомасын Ұлттық Банкке қайтарады немесе Ұлттық Банкке негіздемелерін көрсете отырып, ұсынылған гранттың жалпы сомасы шегінде шығыстардың баптары арасында грант сомасын қайта бөлу туралы өтініш жолдайды.

45. Уәкілетті бөлімше күнтізбелік 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде грант алушы ұсынған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті қарайды, оған талдау жүргізеді және зерттеу мақсатына қол жеткізу, зерттеу талаптарына сәйкестігі, грант беру туралы шартта көрсетілген іс-шараларды жүргізу туралы қорытынды дайындайды.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Ескертулер болған кезде уәкілетті бөлімше грант алушыға зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті ескертулерді жою мерзімдерін көрсете отырып, пысықтауға қайтарады.

Зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есеп бойынша ескертулерді жою мерзімі оны уәкілетті бөлімшеден алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Грант алушы пысықтаған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есеп уәкілетті бөлімшеге қайта ұсынылады.

47. Уәкілетті бөлімшемен келісілген зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есеп уәкілетті бөлімшенің қорытындысымен және Өкілдіктің жауапты бөлімшесінің бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есепті келісу туралы қорытындысымен бірге гранттар беру жөніндегі комиссияның мақұлдауына жіберіледі.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Гранттар беру жөніндегі комиссия зерттеу мақсатына қолжеткізген және зерттеу талаптарына сәйкес келген кезде зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті мақұлдайды.

Гранттар беру жөніндегі комиссияның зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепке ескертулері болған кезде уәкілетті бөлімше зерттеу нәтижелері туралы

қорытынды есепті ескертулерді жою мерзімдерін көрсете отырып, гранттар беру жөніндегі комиссиядан ескертулерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде грант алушыға пысықтауға қайтарады.

Грант алушы пысықтаған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті уәкілетті бөлімше гранттар беру жөніндегі комиссияның мақұлдауына қайта шығарады.

49. Гранттар беру жөніндегі комиссия зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепті мақұлдағаннан кейін уәкілетті бөлімше Ұлттық Банктің интернет-ресурсында зерттеу тақырыбы, зерттеудің мақсаты мен қысқаша қорытындысы, грант алушының атауы, жетекші орындаушылар және зерттеу нәтижелерінің болжамды жарияланымының мерзімі туралы ақпаратты көрсете отырып, зерттеу жөніндегі қысқаша аннотацияны жариялайды.

50. Грант алушы шарт бойынша грант беру туралы, оның ішінде зерттеу нәтижелері туралы аралық және (немесе) қорытынды есептер уақтылы ұсынылмағаны, зерттеу жүргізу этикасының бұзылғаны (плагиат, деректерді бұрмалау және қолдан жасау, жалған тең авторлық және нәтижелерді иемдену), гранттың мақсатына сай пайдаланылмағаны туралы талаптары бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ұлттық Банк грант алушыға хабарламада көрсетілген мерзімдерде грант беру туралы шарт талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою қажеттігі туралы және (немесе) гранттың кезекті сомасын аударуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Грант беру туралы шарт талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою қажеттілігі туралы Ұлттық Банктің хабарламасында көрсетілген мерзімдер грант алушы оны алған күннен бастап кемінде 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

51. Грант алушы грант беру туралы шарт талаптарының анықталған бұзушылықтарын хабарламада белгілеген мерзімде жоймаған кезде, уәкілетті бөлімше гранттың толық немесе ішінара күшін жою және (немесе) бұрын берілген грант сомасын қайтару туралы мәселені гранттар беру жөніндегі комиссияның қарауына шығарады.

52. Гранттар беру жөніндегі комиссия гранттың толық немесе ішінара күшін жою және (немесе) бұрын берілген грант сомасын қайтару туралы шешім қабылдаған кезде, грант алушы бұрын берілген грант сомасын толық немесе ішінара қайтарады. Егер грант алушы ҚҚС төлеуші болып табылса, онда грант алушы берілген грант сомасын ҚҚС сомасын ескере отырып қайтарады.

**Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

қызметінің басым бағыттары  
бойынша зерттеулерді жүргізу  
үшін гранттар ұсыну  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**тақырыбы бойынша (зерттеу тақырыбын көрсету) зерттеу жүргізу үшін грант алуға өтінім**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**1. Ізденуші туралы мәліметтер:**

1.1 Заңды тұлғаның атауы	
1.2 БСН	
1.3 Заңды мекенжайы	
1.4 Ізденушінің бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
1.5 Ізденушінің қызмет түрі (растайтын құжат көшірмелерін қоса бере отырып, қызмет бағытын көрсету)	зерттеу қызметі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызмет ғылыми қызмет деректерді жинау, сақтау және (немесе) өңдеу жөніндегі қызмет, оның ішінде сауалнама жүргізу, деректерді интеграциялау арқылы (қоса беріледі: 1) ізденуші жарғысының көшірмесі; 2) ізденушінің мемлекеттік лицензиясының және білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияға қосымшалардың көшірмесі (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға үшін); 3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі ( ғылыми қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға үшін)

**2. Зерттеу жетекшісін қоса алғанда, жетекші орындаушылар және олардың біліктілігі туралы мәліметтер:**

2.1 Зерттеу жетекшісі туралы мәліметтер	
2.1.1 Зерттеу жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
	1. Жоғары оқу орнының атауы және оқу елі:  2. Диплом бойынша біліктілігі (мамандығы):

2.1.2 Зерттеу жетекшісінің білімі туралы мәліметтер	<hr/> 3. Академиялық дәреженің атауы (бакалавр / магистр): <hr/> 4. Аяқтаған жылы: <hr/> (дипломның көшірмесі қоса беріледі)
2.1.3 Зерттеу жетекшісінің ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер (бар болса)	1. Жоғары оқу орнының атауы және оқу елі: <hr/> 2. Ғылыми дәрежесінің атауы: <hr/> 3. Ғылыми дәрежесі берілген жыл: <hr/> (ғылыми дәреже берілгені туралы дипломның көшірмесі қоса беріледі)
2.1.4 Зерттеу жетекшісінің қазіргі жұмыс орны және лауазымы	
2.1.5 Зерттеу жетекшісінің зерттеу тақырыбына қатысты жұмыс өтілі мен функцияларын көрсете отырып, зерттеу тақырыбына сәйкес келетін саладағы жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер	
2.1.6 Бар болса, зерттеу жобасы туралы қысқаша ақпарат (жобаның мерзімі, атауы, мақсаты, жобадағы рөлі, бар болса жоба қорытындысы бойынша жарияланым) көрсетілген зерттеу жетекшісі қатысқан зерттеу жобалары туралы мәліметтер	
2.1.7 Зерттеу жетекшісінің зерттеу тақырыбына сәйкес саладағы жарияланымдары туралы ақпарат	(жарияланым қоса беріледі не тиісті дерекқордағы жарияланымға сілтеме және (немесе) Digital Object Identifier DOI көрсетіледі)
2.1.8 Бар болса, зерттеу жүргізуге қатысуды негіздейтін зерттеу жетекшісінің негізгі жетістіктері туралы қосымша ақпарат	
2.1.9 Зерттеу жетекшісінің байланыс деректері ( телефоны және e-mail электрондық пошта мекенжайы)	
2.2 Зерттеудің жетекші орындаушылары туралы мәліметтер (әрбір жетекші орындаушы бойынша ақпарат ұсынылады)	
2.2.1 Жетекші орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
2.2.2 Жетекші орындаушының білімі туралы мәліметтер	
2.2.3 Бар болса, жетекші орындаушының ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер	

2.2.4 Жетекші орындаушының қазіргі жұмыс орны және лауазымы	
2.2.5 Бар болса, жетекші орындаушының зерттеу тақырыбына сәйкес келетін саладағы және (немесе) жұмыс өтілі мен негізгі функциялары көрсетілген зерттеу жүргізуге жататын саладағы жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер	
2.2.6 Бар болса, зерттеу жобасы туралы қысқаша ақпарат (кезең, атауы, мақсаты, жобадағы рөлі, бар болса жоба қорытындысы бойынша жарияланым) көрсетілген жетекші орындаушы қатысқан зерттеу жобалары туралы мәліметтер	
2.2.7 Бар болса, жетекші орындаушының зерттеу тақырыбына сәйкес келетін саладағы жарияланымдары туралы ақпарат	(жарияланым қоса беріледі не тиісті дерекқордағы жарияланымға сілтеме және (немесе) Digital Object Identifier DOI көрсетіледі)
2.2.8 Бар болса, зерттеу жүргізуге қатысуды негіздейтін жетекші орындаушының рөлі мен негізгі жетістіктері туралы қосымша ақпарат	

3. Осы өтінімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеу шығыстарының сметасы және олардың негіздемесі.

4. Осы өтінімге 2-қосымшаға сәйкес зерттеу негіздемесі.

5. Дисклеймер (Ізденушінің міндеттемелері).

Осы арқылы мыналарды:

1) өтінімде берілген мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын;

2) өтінім берілген сәтте ізденушінің тарату немесе банкроттық рәсiмiнде тұрған заңды тұлға болып табылмайтынын;

3) мыналармен:

іріктеу талаптарымен және шарттарымен, сондай-ақ Ұлттық Банктің грантын алу кезінде туындайтын міндеттемелермен;

Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен гранттар беру қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар);

авторларға арналған ғылыми жарияланымдардың көпшілік мақұлдаған этикалық нормаларымен және қағидаларымен (Committee on Publication Ethics – COPE, <https://publicationethics.org/>) танысқанымды және жетекші орындаушыларды таныстырғанымды;

4) мыналармен:

өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды тәуелсіз рецензенттердің қарауына жіберуге;

Ұлттық Банктің шығыстар сметасын түзету туралы ұсынысын қарауға;

грант алушы туралы ақпаратты (заңды тұлғаның атауы, зерттеу тақырыбы және жетекші орындаушылар) Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялауға;

заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, Ұлттық Банктің өтінімдегі және (немесе) оған қоса берілетін құжаттардағы дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға беруіне;

дәйексіз деректерді және (немесе) құжаттарды ұсыну фактілері анықталған кезде ізденушілерді іріктеудің кез келген кезеңінде өтінімді қабылдамауға;

өтінімде көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде Ұлттық Банкті дереу хабардар етуге ;

Ұлттық Банктің жетекші орындаушылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұсынылған мәліметтерді тексеруіне және ұсынылған құжаттардың сақталуына;

Ұлттық Банктің зерттеу нәтижелерін өз қызметінде пайдалануына;

грант беру талаптарымен және Қағидалардың 27-тармағының 9) тармақшасында көзделген міндеттемелерді қабылдаумен;

жетекші орындаушының зерттеу жүргізуге тек бір ізденушіде және бір зерттеу тақырыбы бойынша қатысуына келісетінімді және жетекші орындаушылардың жазбаша келісім алғанымды растаймын.

Осы өтінімге мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса беремін (құжаттар тізбесі көрсетіледі):

Ізденушінің бірінші басшысының немесе ізденушінің уәкілетті өкілінің (сенімхат қоса беріледі) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

\_\_\_\_\_ қолы, күні

Зерттеу жүргізу үшін  
грант алуға  
ұсынатын өтінімге  
1-қосымша  
Нысан

### Зерттеу шығысының сметасы және олардың негіздемесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2026 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Шығыс бабы	Өлшем бірлігі	Құны біреуінің), теңге	( Саны біреуінің)	( Барлығы теңге)	( Шығыс бабының негіздемесі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Еңбекақы төлеу шығысы, оның ішінде					
	Жалақы					
	Әлеуметтік салық					

	Әлеуметтік аударымдар					
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (бұдан әрі – МӘМС) аударымдар					
	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖБМЗЖ)					
1.1	Зерттеу басшысына еңбекақы төлеу шығысы (Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)					Орындалатын жұмыстың тізбесі: 1)... 2)... Тарифтік мөлшерлеме –
	Жалақы					
	Әлеуметтік салық					
	Әлеуметтік аударымдар					
	МӘМС-ке аударымдар					
	ЖБМЗЖ					
1.2	Жетекші орындаушылар					
1.2.1	Жетекші орындаушыға еңбекақы төлеу шығысы (Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)					Орындалатын жұмыстың тізбесі: 1)... 2)... Тарифтік мөлшерлеме –
	Жалақы					
	Әлеуметтік салық					
	Әлеуметтік аударымдар					

	МӘМС-ке аударымдар					
	ЖБМЗЖ					
1.2.2						
...						
1.2.n						
1.3	Қосымша тартылатын орындаушыларға ақы төлеу шығысы (студенттер, магистранттар, аспиранттар және басқа адамдар)					1. Саны – 2. Еңбекақы төлеу үшін мөлшерлемені негіздеу: 3. Қажеттілігі мен тартуды негіздеу және зерттеудегі рөлі:
	Жалақы					
	Әлеуметтік салық					
	Әлеуметтік аударымдар					
	МӘМС-ке аударымдар					
	ЖБМЗЖ					
2.	Іссапар шығысы					
2.1	тәуліктік төлем (іссапарлардың және адамдардың, адам күндерінің санын көрсету)					
2.2	тұру (іссапарлардың және адамдардың, адам күндерінің санын көрсету)					
2.3	жол жүру (іссапарлардың және адамдардың санын ашып жазу)					

3.	Үстеме шығыс					
3.1						
3.2						
...						
3.n						
4.	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету, барлығы					
4.1						
4.2						
...						
4.n						
5.	Алдыңғы тармақтарда көрсетілмеген шығыс, барлығы					
5.1	...					
5.2						
...						
5.n						
	ЖИЫНЫ	x	x	x	1, 2, 3, 4 және 5-жолдардың қосындысы	x
	Қосылған құн салығының сомасы (бұдан әрі – ҚҚС)*					
	ҚҚС сомасын қосқанда жиыны					

Шығыс сметасы Excel форматындағы кестеде ұсынылады.

Кестеде шығыстың әрбір бабына негіздеме және түсіндірме, қосымша жан-жақты есептер түрінде зерттеуге қажеттілігі мынаны ескере отырып көрсетіледі:

1. Жетекші орындаушылардың және қосымша тартылған орындаушылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстың баптары бойынша:

1.1 Зерттеу жетекшісінің және зерттеудің жетекші орындаушыларының еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар аты-жөнімен көрсетіледі.

"Жалақы" деген жолда қызметкерден ұсталатын салықтар мен жарналар сомасын қоса алғанда, жалақы көрсетіледі.

Зерттеу жетекшісінің және зерттеудің жетекші орындаушыларының "жалақысы" деген жол бойынша:

3-бағанда сағат өлшем бірлігі ретінде көрсетіледі;

4-бағанда тарифтік мөлшерлемені 164\*\* бөлу арқылы айқындалатын сағаттық мөлшерлеме көрсетіледі. "Тарифтік мөлшерлеме" ретінде ізденушінің ұйғарымы бойынша мына мәндердің бірі қолданылады:

1) егер орындаушы ізденушінің штаттық қызметкері болып табылса, ізденушінің орындаушысына белгіленген нақты лауазымдық жалақы (айлық);

2) ізденушінің ұқсас позициясының (лауазымының) жалақысына (лауазымдық айлықақысына) баламалы бір айға еңбекке ақы төлеу мөлшерлемесі;

3) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынатын лауазымдар бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы штаттық профессор-оқытушылар құрамының ең төменгі айлық жалақысы;

4) мемлекеттік статистика саласындағы функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті орган жариялаған соңғы қолжетімді кезеңдегі орташа жалақы;

5-бағанда жоба бойынша жұмысқа жұмсалған сағаттардағы уақыт көрсетіледі. 5-бағандағы мән зерттеу ұзақтығынан аспайды;

6-бағанда 4 және 5-бағандар мәндерінің көбейтіндісі ретінде есептелетін мән көрсетіледі;

7-бағанда орындаушы орындайтын іс-шаралар, сондай-ақ 4-баған бойынша еңбекке ақы төлеудің сағаттық мөлшерлемесін есептеу үшін қолданылған тарифтік мөлшерлеме көрсетіледі. Бұл ретте ізденуші қол қойған жалақы мөлшерін және оның негіздемесін, қолданылған тарифтік мөлшерлемені есептеу зерттеуге арналған шығыстар сметасына және олардың негіздемелеріне қоса беріледі.

1.2 Қосымша тартылатын орындаушылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыс.

Шығыстың осы бабы бойынша көмекші ретінде қосымша тартылған орындаушылардың (студенттерді, магистранттарды, аспиранттарды қоса алғанда) еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыс аты мен тегі аталмай көрсетіледі.

Қосымша тартылатын орындаушылардың "жалақы" жолы бойынша әрбір позиция немесе функция бойынша мыналарды көрсету:

3-бағанда өлшем бірлігі ретінде сағат көрсетіледі;

4-бағанда жұмыспен толық қамтылған сағаттар үшін қосымша тартылатын орындаушылардың еңбекақы мөлшерлемесі көрсетіледі;

5-бағанда қосымша тартылатын орындаушылардың толық жұмыспен қамтылған сағаттардың жалпы саны көрсетіледі (толық жұмыспен қамтылған адам-сағат саны);

6-бағанда 4 және 5-бағандар мәндерінің көбейтіндісі ретінде есептелетін мән көрсетіледі;

7-бағанда еңбекке ақы төлеу үшін қолданылған мөлшерлеменің негіздемесін көрсете отырып, қосымша тартылатын орындаушыларды тарту қажеттілігі және олардың зерттеудегі рөлі көрсетіледі.

2. Зерттеу жүргізуге байланысты іссапар шығысының баптары бойынша:

1) іссапарда болған әрбір күнтізбелік күн үшін, оның ішінде жол жүру уақыты үшін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде тәуліктік төлемдер;

2) Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент қалаларында тәулігіне 15 АЕК-тен аспайтын, Қазақстан Республикасының облыс орталықтарында (Атырау, Ақтау қалаларын қоспағанда) және басқа қалаларында тәулігіне 12 АЕК-тен аспайтын мөлшерде тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыс;

3) "Эконом" класты әуе билетінің немесе теміржол көлігінің құны бойынша межелі жерге бару және кері қайту жолақысы бойынша шығыс.

3. Үстеме шығыстардың баптары бойынша:

Үстеме шығыстар дегеніміз – ізденушінің үй-жайды, жабдықты ұстауға және олар бойынша амортизациялық аударымдарды, коммуникацияларға (телефон байланысы, интернет) және басқа да инфрақұрылымға (коммуналдық қызметтер және (немесе) пайдалану шығыстары) қол жеткізуге арналған шығыстарды, кеңсе шығыстары мен грантқа әкімшілік қызмет көрсетуді қамтитын зерттеуді орындауға жағдай жасау үшін жұмсайтын шығыстары.

Үстеме шығыстардың жалпы сомасы шығыстар сметасының 1-жолында көрсетілген еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар сомасының ең көбі 15% (он бес пайыз) құрайды және 800 (сегіз жүз) АЕК-тен аспайды. Үстеме шығыстардың талдамасы мен негіздемесі талап етілмейді.

4. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шығыстар.

Шығыстардың сомасы мен баптарын көрсете отырып, зерттеу жүргізу үшін қажетті (мысалы, бөгде ұйымдардың сауалнама жүргізу қызметтерін сатып алу және тағы басқалар) бөгде ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеуге байланысты материалдарды (қорларды) және шығыстарды қоса алғанда, материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

7-бағанда материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шығыстар қажеттілігінің, жоспарланған бағалар мен көлемінің (санының) негіздемесі көрсетіледі.

Өтінім бере отырып, ізденуші грант алған кезде зерттеу орындаушыларын зерттеу жүргізу үшін үй-жаймен, коммуникацияларға және басқа да инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз етуге өзіне міндеттеме алады.

Ескертпе:

\* Егер грант алушы ҚҚС төлеуші болып табылса, ҚҚС сомасы (пайызбен және тікелей есеп айырысу бірліктерімен) көрсетіледі;

\*\* бес күндік 40 сағаттық жұмыс аптасында жұмыс уақытының орташа айлық балансы.

## Зерттеудің негіздемесі

1. Зерттеуге аннотация – зерттеу идеясының қысқаша сипаттамасы, шешу үшін зерттеуге қойылған проблемалар.

2. Зерттеу әдіснамасы:

1) зерттеудің негізгі ғылыми мәселелерінің сипаттамасы, зерттеуде қолдануға ұсынылатын әдістер мен тәсілдердің негіздемесі және сипаттамасы;

2) зерттелетін тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеулерге шолу (релеванттық жұмыстарға сілтемелер Гарвард стилінде ұсынылады), зерттеудің күтілетін нәтижелерін осындай белгілі нәтижелермен салыстыру;

3) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістерін, оның көздерін, деректерді алуға рұқсаттың болуын (не деректерді алуға берілетін рұқсаттарды сатып алу жөніндегі жоспарларды) және оларды зерттеу міндеттерін шешу үшін қолдануды, деректерді өңдеу тәсілдерін, сондай-ақ олардың дұрыстығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, пайдалануға ұсынылатын деректердің сипаттамасы.

3. Күтілетін нәтижелер:

1) сандық және сапалық сипаттамаларын және іске асыру нысанын көрсете отырып, жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже;

2) зерттеу нәтижелерін тәжірибелік қолдану.

4. Зерттеу жүргізу барысында басқа жеке және заңды тұлғаларды тарту қажеттілігінің негіздемесін көрсете отырып, оларды тарту.

5. Алдағы жұмыстың көзделген іс-шаралары, олардың ұзақтығы, негізділігі және орындалуы, жұмылдырылған жетекші орындаушылар, ізденушіде зерттеулер жоспарын іске асыру үшін жеткілікті материалдық-техникалық ресурстардың болуы көрсетілген, Гант диаграммасы түріндегі зерттеулер жоспары

6. Ізденушілерді іріктеу туралы хабарландыруда көзделген ақпарат.

7. Зерттеу негіздемесі 5000 (бес мың) сөзден аспайды, толыққанды болып табылады және онда URL сілтемесі жоқ.

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
бюджеті (шығыстар сметасы)  
есебінен  
Қазақстан Ұлттық Банкі  
қызметінің басым бағыттары  
бойынша зерттеулерді жүргізу  
үшін гранттар ұсыну  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Тәуелсіз рецензенттің ізденушімен мүдделер қайшылығының болуы не болмауы туралы хабарлама:

Мен \_\_\_\_\_

(тәуелсіз рецензенттің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

мыналар (керегінің астын сызу):

ізденушімен мүдделер қайшылығының болмағанын хабарлаймын және тәуелсіз рецензент ретінде өз қызметімді жүзеге асыру кезінде әділдік және объективтілік қағидаттарын мүлтіксіз ұстануға міндеттенемін;

мүдделер қақтығысының болғанын хабарлаймын, себебі (керегін белгілеу):

ізденушінің мүшесімін (қатысушысымын), әрекеттегі құрылтайшысымын;

ізденушінің басқару органының мүшесімін, жетекшісімін;

ізденушіден соңғы жыл ішінде көрсетілген қызметтер үшін ақы алдым немесе тікелей қаржылық қолдау алдым (егер болса, онда қандай қызметтер көрсеткенін көрсету)

---

---

---

жетекші орындаушылармен, соның ішінде зерттеу жетекшісімен жақын туыстық байланыстарым бар (егер болса, онда жетекші орындаушының, соның ішінде ізденуші

жетекшісінің тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болса) көрсету):

---

---

---

мүдделердің алдыңғы тармақтарда көрсетілмеген әлеуетті қақтығыстары бар (егер болса, онда қайсысы екенін көрсету керек):

---

---

---

Мен мүдделер қақтығысына қатысты саясатты түсінетінімді растаймын және осы хабарламаны толтыру кезінде ақпараттың дәйектілігіне жауап беремін.

20\_\_ жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
бюджеті (шығыстар сметасы)  
есебінен

Қазақстан Ұлттық Банкі  
қызметінің басым бағыттары  
бойынша зерттеулерді жүргізу  
үшін гранттар ұсыну  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Бөлінген гранттың пайдаланылуы туралы есеп

№	Шығыстар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Үнем	Растайтын құжаттың атауы, нөмірі және күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
	...					
	...					
	Жиынтығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Растайтын құжаттар бойынша қосымша:

- 1) ...
- 2) ...
- 3) ...

Ұсынылған мәліметтер мен қоса берілген құжаттардың дәйектілігін және толықтығын растаймыз.

Грант алушының лауазымды адамы \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты және

әкесінің аты (бар болса)

Жетекші орындаушылар \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты және

әкесінің аты (бар болса)

Бухгалтер-экономист \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты және

әкесінің аты (бар болса)